

**"Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 9 қарашадағы № 746 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 40, 444-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесінде:

"Сүт қоректілер класы Mammalia Класс – Млекопитающие" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 128-1-жолмен толықтырылсын:

"

128-1	Каспий итбалығы	Pusa caspica	Каспийский тюлень
-------	-----------------	--------------	-------------------

".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин